

# Бір сабақ бойынша таныстырылым

## Сабақтың тақырыбы:

Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін – тек қана олардың оқуы үшін жағдай жасаймын.

Альберт Эйнштейн

Ауқымды компьютерлік желі.  
Интернет. Интернет деген не?

Сарыағаш ауданы №59 Ж.  
О.М. Музафаров М

**Сабақтың идеясы:** оқушылар интернет деген не екенін білді. Өмірде интернетпен жұмыс істей алады

**Мақсаты:** Интернеттің шығу тарихымен және қолдану қызметтері туралы мағлұматтар мен таныстыру. Оқушылардың информатика пәніне қызығушылығын арттыру. Интернет туралы ойларын, пікірлерін айтқызу, жазғызу арқылы шығармашылығын, танымдық әрекетін дамыту арқылы интернетті пайдасы мен зиянын түсіндіру

**Оқу нәтижесі:** интернет ұғымы және пайда болу тарихымен танысады, оны өмірде тиімді пайдалануға дағдыланады, сұрақтарға жауап береді.

**Қолданылған әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелесу, оқу ақпараты, шығармашылық жұмыс, рефлексия, «Аквариум» ойыны арқылы сабақты қортындылау

Сабақтың тақырыбы:		Ауқымды компьютерлік желі. Интернет. Интернет деген не?		
<b>Жалпы мақсаттар</b>		Интернеттің шығу тарихымен және қолдану қызметтері туралы мағлұматтар мен таныстыру. Оқушылардың информатика пәніне қызығушылығын арттыру. Интернет туралы ойларын, пікірлерін айтқызу, жазғызу арқылы шығармашылығын, танымдық әрекетін дамыту арқылы интернетті пайдасы мен зиянын түсіндіру.		
<b>Табыс критеріі</b>		Оқушылар интернет деген не екенін біледі. Өмірде интернетпен жұмыс істей алады.		
<b>Оқу нәтижесі</b>		Интернет ұғымы және пайда болу тарихымен танысады, оны өмірде тиімді пайдалануға дағдыланады, сұрақтарға жауап береді.		
<b>Әдіс-тәсілдер</b>		Топтастыру, миға шабуыл, айналмалы бекет, ыстық орындық, аквариум		
<b>Модульдер</b>		Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер,сын тұрғасынан ойлау, Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау, АКТ, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық		
Уақыты	Сабақ кезеңдері:	Мұғалімнің іс - әрекеттері	Оқушының іс - әрекеттері	Негізгі дерек көздер, ресурстар, қосымша материалдар
3мин	Ұйымдастыру кезеңі.	а) Сәлемдесу, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырамын. б) оқушыларды түрлі түсті қағаздармен топтастырамын. в) бағалау парақшасын таратамын.	Сәлемдеседі, ынтымақтастық қалыптастыру үшін оқушылар жақсы, жақсы, өте жақсы деп 3-рет қайталайды.сабаққа дайындалады. Түрлі түсті қағаздармен топтасады, топ мүшелерін сайлайды, топтың атын құрып алды.	Қима қағаздар, оқулық. Интерактивті тақта.
8 мин	Үй тапсырмасын тексеру.	«Миға шабуыл» әдісі бойынша интерактивті тақтадағы слайд арқылы мұғалім төмендегі сұрақтарды қояды. 1.Жергілікті желі дегеніміз не? 2.Аймақтық желілер дегеніміз не? 3.Корпоративті желілер дегеніміз не? 4.Жергілікті ресурстар дегеніміз не? 5.Топология типтері 6.Файлдық сервер 7.Деректер базаларының сервері 8.Баспа сервері 9.Пошта сервері 10.Ауқымды желі дегеніміз не?	Берілген сұрақтарға жекелей жауап береді. Дұрыс жауап арқылы бірін – бірі тексереді.	Оқулық, интерактивті тақта. Слайд
15 мин	Ой қозғау. Жаңа сабақты меңгертуге дайындау.	Жаңа сабақтың мақсатын қысқаша түсіндіремін.Интерактивті тақтаға сурет беремін және сұрақ жазылған слайд көрсетемін. «Айналмалы бекет» әдісі арқылы постер орындауға тапсырма беремін. Интернет деген не?	Оқушылар осы кезде суретті көріп,топпен ой тұжырымдап өз ойларын айтады, сұраққа жауап береді, суретке түсініктеме беру арқылы постер дайындайды.	интерактивті тақта, слайд, постер, маркер
10мин	Пысықтау. Сергіту сәті Интернетпен жұмыс	«Ыстық орындық» әдісі арқылы интернеттің тарихы бойынша аяқталмаған сұрақты толықтырғызамын. Оқушыларға бой сергіту жаттығуын жасатқызамын. Слайд арқылы интернетте жұмыс жасау ретін көрсетемін.	Слайдта көрсетілген сұрақтар бойынша әр топтан бір-бір оқушы сұрақтарға жауап береді. Жеке орындайды. Болған соң тақтаға жазады. Бейне роликті көре отырып жаттығу жасайды. Оқушылар слайдты көру арқылы жеке жұмыс жасайды.	Слайд, интерактивті тақта, оқулық.
5мин	Қорытынды	«Аквариум» ойыны арқылы сабақты қортындылау.	Оқушылар алтын балыққа сұрақ қойып жауап алады.	Слайд, оқулық
2мин	Рефлексия Үйге тапсырма	Екі жұлдыз, бір тілек бойынша кері байланыс жасаймын. Ауқымды компьютерлік желі. Интернет. Интернет деген не?	Оқушылар өз әсерін стикерге жазады. Күнделіктеріне үй тапсырмасын жазады.	Оқулық, маркер, стикер.
2мин	Бағалау	Бағалау парақшасын жинап аламын.	Топ жасаған жұмыстары бойынша бірін – бірі бағалайды. Екі топ бір-бірін номинация арқылы бағалайды.	Бағалау парақшасы.

“Миға шабуыл” әдісі мен зеректігімен көзге түсті



“Айналмалы бекет” әдісі



“Ыстық орындық” әдісі арқылы сұрақтарын сыни тұрғыдан ойлана отырып қояды және жауап береді.



## Әдіс-тәсілдер бойынша іс- әрекеттер




Сергіту сәті арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артты.



“Аквариум” әдісі негізінде өз білімін көрсетті



“Екі жұлдыз бір тілек” әдісі арқылы оқушылардан кері байланыс жасау



**Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер**

**Оқытудағы басқару және көшбасшылық**

**Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету**

**7  
МОДУЛЬ**

**Оқытуды бағалау және оқуды бағалау**

**Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту**

**Дарынды және талантты балаларды оқыту**

**Оқыту мен оқуда АКТ-ны қолдалану**

# РЕФЛЕКСИЯ



## Не сәтті?

- \* Оқушылардың пәнге деген ынта ықыласы арта бастады;
- \* Бағалау формасын өзгерту;
- \* Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауға дағдылана бастауы;
- \* Желідегі терминдермен таныстырып, оның қандай мән беретінін ұғындыру.



## Не сәтсіз?

- \* Оқушылардың өз бетінше оқуға дағдыланбауы;
- \* Сабақ барысында кездесетін жағдаяттарға дайын болмауым
- \* Интернет желісіндегі терминдерді қолдануда.

**Болашақтағы жоспарым:** Осы жеті модуль аясында толық ізденімпаздықпен жұмыс атқарып, жаңалықтар жаратып, оқушыларымның білім сапасын арттыру жолында тынбай еңбек етемін, осы әдіс тәсілдерді жандандыра отырып, қалалық және облыстық деңгейде өз іс тәжірибемді таратсам деп өз алдыма мақсат қойдым. Сол мақсатыма жету үшін тынбай ізденіп, өз білімімді жетілдіріп отырамын.